



**Автор:** Жекебай Дилдаш

**Пән:** Математика

**Сынып:** 5-сынып



**Бөлім:** Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

**Тақырып:** Ондық бөлшектерді қосу және азайту

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.27 Ондық бөлшектерді қосу мен азайтуды орындау
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар:</u> Ондық бөлшектерді баған түрінде қосу, азайту үшін үтір үтірдің астына, ондық үлес ондық үлестің астына, жүздік үлес жүздің үлестің астына жазылуы туралы біледі. <u>Басым бөлігі:</u> Қосу және азайту амалдарын бағандап орындауға, жетпей тұрған сандардың орнына нөлдерді жазуды біледі. <u>Кейбір оқушылар:</u> Натурал сандарды бағандап қосу және азайтуды, бөлімдері бірдей, бөлімдері бір мен нөлден тұратын, бөлшектерді қосу иен азайтудың ережелерін біледі.
Тілдік мақсаттар:	<u>Оқушылар:</u> Ондық өлшектерді қосу ережелерін ауызша түсіндіріп, нақты мысалдармен сипаттай алады. <u>Пәндік лексика және терминология:</u> Ондық бөлшек- Десятичные знаки- Decimal places. Бірлік –еденица- unit . Ондық-десять- ten. жүздік –сто- one hundred.
Күтілетін нәтиже:	1. Ондық бөлшектерді қосу және азайту ережелерін біледі және оны пайдаланып қарапайым есептерді шығара алады. 2. Қосудың мен азайтудың тиімді әдістерін пайдаланып қосу, азайту және жақшамен берілген есептерді шеше алады. 3. Ондық бөлшек және жай бөлшек аралас берілген күрделі есептерді шеше алатын болады.
Бағалау критерийлері:	1. Ондық бөлшектерді қосу мен азайту ережелерін біледі. 2. Қарапайым ондық бөлшектерге берілген қосу және азайту амалдарын орындай алады. 3. Ондық бөлшектерді қосу және азайту ережелерін пайдаланып күрделі есептер шығара алады.
Құндылықтарды дарыту:	• Топта жұмыс істеу ақылы ортаға беймделеді. Топтық ережеге ұстану. • Сөйлеу мәдениетін дамыту. Өз пікірін бүкіл сыныпта айта отырып, өзіне сенімі артады, сөйлеу мәдениеті дамиды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқушылар жаңа заманауи құрылғылармен жұмыс жасауды үйренді; оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік берді; АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, жаңа материалды жеңіл меңгеретін болды; АКТ құралдарымен жұмыс істей отырып оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттейді, қажеттісін таңдайды;
Пәнаралық байланыс:	Информатика, сызу
Бастапқы білім:	Ондық бөлшек, ондық бөлшектерді қосу 2 және жазу, ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру, ондық бөлшекті координаталық сәуледе кескіндеу, ондық бөлшектерді салыстыру.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (1-6 минут)	I. Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал орнату «Бір біріне деген жылы лебіздері білдіру...» <u>Топқа бөлу:</u> Бөлшектер түрі бойынша топқа бөлу: Оқушылар арнайы қорапшадан нөмерленген сандар арқылы 4 топқа бөлінеді. Бағалау парақшаларын таратылады.	Сөздер, карточкалар 3 слайд

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (6-25 минут)	<p>II. жаңа материалмен жұмыс</p> <p>Белсенді оқыту: «Жигсо» әдісі (G)</p> <p>1. Ондық бөлшектерді қосу ережесінің бірінші тармағын түсіндір және нақты мысал келтір.</p> <p>2. Ондық бөлшектерді қосу ережесінің екінші тармағын түсіндір және нақты мысал келтір.</p> <p>3. Ондық бөлшектерді қосу ережесінің үшінші тармағын түсіндір және нақты мысал келтір.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы топтар бірін - бірі бағалайды.</p>  <p>Белсенді оқыту: « Есепте және дұрыс жауабын тап» (I) Қалыптастырушы бағалау. <math>1157+143= 2400+500=</math>  <math>1690-370= 2440-440=</math>  <math>(4+25)+(35+6)=</math>  <math>(25+14)-(5+16)=</math></p> <p>Тақтадан дұрыс жауабын көрсетіледі оқушылыр жұпта бірін-бірі бағалайды..</p> <p>(Бір дұрыс жауапқа 1 ұпай).</p> <p>III. Сабақты бекіту Белсенді оқу: Деңгейлік тапсырмалар (I) Оқулықпен жұмыс.</p> <p>Оқушылар өз деңгейлеріне қарай тапсырмаларды тандап алып дәптерлеріне орындайды.</p> <p>А деңгейі №779.</p> <p>Ондық бөлшектерді қосыңдар:</p> <p>1) <math>0,07+13,23=</math>  2) <math>85,07+3,03=</math>  3) <math>6,3+2,5+0,7=</math>  <math>9,02+4,28=</math>  <math>25,6+0,41=</math>  <math>9,2+3,3+1,6=</math>  <math>18,36+7,14=</math>  <math>56+0,37=</math>  <math>0,1+9,9+1,5=</math></p> <p>№780. Ең тиімді тәсілмен есептеңдер:</p> <p>1) <math>(4+1,8)+2,2=</math> 2) <math>0,3+(1,7+2,5)=</math>  <math>1,6+(5+3,4)=</math> <math>(3,8+6)+4,2=</math>  <math>(2,41+13)+4,59=</math>  <math>12,5+(8+3,75)=</math></p> <p>№786. Өрнекті ықшамдаңдар:</p> <p>1) <math>0,3x+1,6x - 0,5x=</math>  2) <math>9,25y-2,3y+7,05y=</math>  3) <math>3,46x+9,17x-2,63x=</math>  4) <math>4,82y-1,9y+3,08y=</math></p> <p>В деңгейі №793.</p> <p>№798. Түлкінің жылдамдығы қоянның жылдамдығынан 6,7 м/м кем. Бүркіттің жылдамдығы қоянның жылдамдығынан 19,4 м/с артық. Егер түлкінің жылдамдығы 10 м/с болса, бүркіттің жылдамдығы қандай?</p> 	<p>4 слайд</p> <p>5-бслайд</p> <p>кубик, түрлі- түсті қағаздан жасалған белгілер. Бағалау парақшасы</p> <p>Сұрақ жазылған конверт 5- сыныптың математика оқулығы,</p> <p>2- бөлім Үлестірме қағаздар</p> <p>5 - сыныптың математика оқулығы</p> <p>Үлестірімелі қағаздар</p>
	<p>С деңгейі</p> <p>№807. Үш жәшікте алма бар. Бірінші жәшікке тағы 3,6 кг алманы салғанда, ондағы алма 9,5 кг болды. Екінші жәшіктен үшінші жәшікке 2,5 кг алманы салып, үшінші жәшіктен 1,75 кг алманы сатқанда, үш жәшіктегі алманың массасы бірдей болды. Алғашқы жәшіктегі алма қанша алмадан болды?</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (25-35минут)	<p>IV.Сабақты қорытындылау. Математикалық диктанат</p> <p>1.Бөлінділерді ондық бөлшек түрінде жазыңдар:</p> <p>27 : 10 _____</p> <p>81 : 100 _____</p> <p>319 : 100 _____</p> <p>2 . Есептеңдер.</p> <p>1) 2,83+15,2 _____;</p> <p>2) 45,6+7,35 _____;</p> <p>6. Ондық бөлшектерді салыстырып, тиісінше «&gt;», «&gt;» , «&gt;» белгілерімен жазыңдар:</p> <p>а) 9,86 ___ 9,09;</p> <p>ә) 8,71 ___ 8,9;</p> <p>б) 0,3 ___ 0,30</p> <p>Қалыптастырушы бағалау. Дұрыс жауап тататылып беріледі. Оқушылар жұпта бірін-бірі бағалайды. (Бір дұрыс жауапқа 2 ұпай).</p> <p>Үйге тапсырма: №810. оқулықтан 44-бет.</p>	Үлестірмелі қағаздар
Рефлексия (35- 40минут)	<p>Рефлексия: «Бестік» әдісі</p> <p>Оқушылар қағазға өз қолдарының саусақтарын айналдыра сызады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Әр саусақтың - өзінің орны/позициясы/ бар, сол бойынша ойларыңды жазыңдар.</li> <li>• Бас бармақ - мен үшін маңызды және қызық</li> <li>• Балан ұйрек - маған қиын болды</li> <li>• Ортан терек - мен жеткілікті түсінбедім</li> <li>• Шүлдір шүмек - менің ұсынысым Кішкентай бөбек -менің көңіл күйім</li> </ul>	7 слайд